

МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ

СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

Тақырыбы: Жұмысшылардың есту мүшесі кәсіби аурушаңдығының деңгейін динамикалық бақылау.

Орындаған: Султанкереева А.Д.

501 А тобы

Тексерген: Шамшаева Д.О.

Ақтөбе 2017 жыл

I. Кіріспе

Есту мүшелерінің аурулары

II. Негізгі бөлім

Жұмысшылардың етуін бағалау

Аудиометрия

Кәсіби керендік

III. Қорытынды

Есту мүшесінің кәсіби аурулары

Шу мен дірілдің ұзақ уақыт әсері

Атмосфералық қысым өзгерісі

Химиялық заттардың токсикалық әсері

Жұмысшылардағы естуді бағалау критерилері.

Шудың әсерінен зақымданатын адекватты көрсеткіштерге есту ағзасындағы естудің төмендеуі жатады.

Аудиометриялық тексерулердің көрсеткіштерін ескере отырып, құлақтың жағдайын динамикалық бақылау кезінде және әсіресе, еңбек ету сұрақтарын шешу кезінде, «шулы» мамандықтағы жұмысшылардың естулерінің төмендеу деңгейін бағалаймыз. Тондық аудиометрия мәліметтері бойынша «шулы» мамандықтағы жұмысшылардың сөзді қабылдайтын аймақтағы есту қабілеттерінің төмендеуімен жүретін өзгерістер, құлақтың есту жағдайларын көрсетеді. Сондықтан есту қызметінің жағдайын бағалаудағы маңызды тексерулерге 4000 Гц жиіліктегі және сөзді қабылдау аймағындағы есту босағасының орташа көрсеткіштері болып табылады.

Аудиометриялық тексерулерді дәрігердің бақылауымен орташа медицина қызметкері жүргізе алады.

Аудиометриялық тексерулердің үш әдісі бар:

- **Әдіс.** Әр бір құлақтар үшін жеке сүйектік және ауалық дыбыстық өткізулерді 125, 250, 500, 1000, 2000, 3000, 4000 және 8000 Гц жиіліктерде құлақтың есту қабілетінің жоғалуын анықтаймыз. Шудың әсерінен естуді төмендету кезінде 500, 1000, 2000 және 4000 Гц жиіліктерді анықтаудың маңызы зор. Қосымша аудиометрияның босаға үстілік тексерулері жүргізіледі. Осындай экспертизаларды жүргізуге құқығы бар медициналық мекемелерде еңбек сараптамасын жүргізу үшін қолданылады.
- **Әдіс.** Әр бір құлақтар үшін жеке сүйектік және ауалық дыбыстық өткізулерді 125, 250, 500, 1000, 2000 және 4000 Гц жиіліктерде құлақтың есту қабілетінің жоғалуын анықтаймыз. Алдын ала және кезеңді түрдегі медициналық тексерулер кезінде қолданылады.
- **Әдіс.** Әр бір құлақтар үшін жеке сүйектік және ауалық дыбыстық өткізулерді 125, 250, 500, 1000, 2000 және 4000 Гц жиіліктерде құлақтың есту қабілетінің жоғалуын анықтаймыз. Шулы өндірістерді қараған кезде, медициналық мекемелерде есту ағзасына бастапқы шудың әсерін анықтау үшін қолданылады.

I ші және II ші дәрежесінде еңбекке қабілеттілік сақталады. Амбулаторлы емделеді. III ші дәрежесінде жұмысшылар шуы, дірілі жоқ басқа жерге ауыстырылады

уың
тө
мен
деуі
нің

1 дәрежесі – есту ағзасына шумдың әсер ету белгілері. Қарқынды өндірістік жағдайында шуммен жұмыс істейтін жұмысшыларда осы түрі қолданылады. Естудің бұл жағдайы сөзді қабылдау аймағында естудің босағасы 10 дейінгі дБ жоғарлауы, 4000Гц — тен 50 дБ(± 20); сыбырлап сөйлеуді қабылдау 5м дейін (± 1).

2 дәрежесі — Естудің жеңіл дәрежелі төмендеуімен кохлеарлы неврит. Осы дәрежедегі естудің төмендеуі сөзді қабылдау аймағындағы есту босағасының 11 ден 20 дБ жиілігінде, 4000 Гц 60-қа дейін дБ (± 20) қабылданғанда, және сыбырлап сөйлеудің 4 м (± 1) дейін естудің төмендеуінде қалыптасады.

3 дәрежесі — Естудің шамалы төмендеуімен кохлеарлы неврит. Осы дәрежедегі естудің төмендеуі сөзді қабылдау аймағындағы есту босағасының 21 ден 30 дБ жиілігінде, 4000 Гц 65 дБ (± 20) қабылданғанда, және сыбырлап сөйлеудің 2 м (± 1) дейін естудің төмендеуінде қалыптасады.

4 дәрежесі – айқын дәрежелі естудің төмендеуімен кохлеарлы неврит. Осы дәрежедегі естудің төмендеуі сөзді қабылдау аймағындағы есту босағасының 31 ден 45 дБ жиілігінде, 4000 Гц 70 дБ (± 20) қабылданғанда, және сыбырлап сөйлеудің 1 м ($\pm 0,5$ м) дейін естудің төмендеуінде қалыптасады.

Кәсіби кереңдік

Шулардың адам ағзасына қолайсыз жағдайларының клиникасындағы маңызды белгілерге естудің кохлеарлы тип бойынша баяу үдемелі төмендеулері жатады. Екі құлақта бір деңгейде зақымданады. Есту ағзасының профессионалды себебін анықтау үшін, науқастың шағымдарын, жұмыс орындарындағы басқа адамдардағы аурудың кездесулерін, сонымен қатар жұмыс істейтін орнының санитарлық гигиеналық жағдайларын анықтаймыз. Кәсіптік кереңдік кезінде жоғарғы жиілікті қабылдаудың бұзылулары (4000-8000 Гц) аудиометриялық қисықтың төмендеуімен сипатталады, ал аурудың өршуі кезінде орташа және төменгі диапазонның жиіліктерін қабылдауда қатысады. Кез келген этиологиялы кохлеарлы неврит кезінде дыбысты қабылдау жиілігінің жоғарлауы, барлық дыбыстың диапазонында және әртүрлі деңгейдегі айқындылықта болуы мүмкін, кереңдікке дейін. Осы және басқада жағдайларда ауалық және сүйектік дыбысты өткізу бір деңгейде зақымданады.

Сонымен, есту мүшесінің зақымдануы, аурулары құлақтың мүлде естімеуіне алып келуі мүмкін. Сол себепті қауіпсіздік шараларын сақтап, шу бар жерлерде жұмыс жасағанда құлақпаптар киілуі тиіс. Сонымен қатар есту мүшесінің ауруының алдын алу үшін тұрақты медициналық тексерулерден өтіп тұруы тиіс.

Пайдаланган әдебиеттер:

- 1. Хакимжанов Т.Е. Охрана труда. Учебное пособие для вузов. Алматы, 2006.*
- 2. Охрана труда и основы безопасности жизнедеятельности: Конспект лекций/сост.: М.К. Дюсебаев., З.А. Кашкарова., Ф.Р. Жандаулетова. – Алматы: АИЭС, 2006.*
- 3. Охрана труда и основы безопасности жизнедеятельности: Конспект лекций для студ. Всех форм обучения/сост.: Ж.С. Абдимуратов, Т.Е. Хакимжанов, М.К. Дюсебаев.- Алматы: АИЭС, 2007.*
- 4. Безопасность жизнедеятельности. Защита от производственного шума.*
- 5. Байзакова А.А, Санатова Т.С. Методические указания к выполнению расчетно-графических работ по охране труда. Алматы: АИЭС, 2005*